



• 2005 жылы «Қазпошта» АҚ Эстония поштасымен бірігіп, екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайту мақсатында «Аңшы иттер» тақырыбына арналған жаңа пошта маркасын шығарды. Жаңа маркада қазақ тазысы мен эстон тазысының суреті бейнеленген.

• 2012 жылы «Хабар» агенттігі АҚ құрамындағы тәулік бойы жаңалық тарататын «24KZ» арнасы өз жұмысын бастады.

• 2013 жылы Қазақстан Өндіріс салаларындағы ашықтық бастамасын (ӨСАБ) жақтаушы мәртебесін алды.

• 2015 жылы Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Дамуға жәрдемдесу комитетінде ресми мәртебеге ие болды.

• 2016 жылы елордада Рақымжан Қошқарбаевқа арналған ескерткіштің ресми ашылу салтанаты болды. 11 метрлік монумент Б.Момышұлы және Р.Қошқарбаев даңғылдарының қиылысында орналасқан.

• 2017 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір жолы» кітабы эсербайқан тіліне аударылды.

• 2019 жылы Тәжікстанда әскери борышына адалдық танытқан қазақстандық батальонның 17 жауынгеріне арналған ескерткіш ашылды. 1995 жылдың 7 сәуірінде Тәжікстандағы Дарваз ауданының Пшихавар шатқалында қазақстандық 7-қосынды ротасына оппозициялық күштер шабуыл жасады. Бес сағатқа созылған ұрыс кезінде Ішкі әскер 17 жауынгерінен айырылды, 33 адам жарақаттанған.

• 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі құрылды.

• 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы Жарлығы шықты. Жарлыққа сәйкес, Ақмола қаласы 1997 жылдың 10 желтоқсанынан тәуелсіз Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесіне ие болады.

• 2009 жылы Астанада «Қазақ елі» монументі салтанатты түрде ашылды.

• 2015 жылы елордада Кувейт мемлекетінің Қазақстандағы жаңа Елшілігінің ғимараты ашылды.

• 2017 жылы Ақтобе қаласында ҚР тұңғыш Әділет министрі, белгілі заңгер, ғалым, саяси қайраткер Н.Шайкеновке ескерткіш қойылды.



Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.

НАРЫҚ

Әлемде мұнай бағасы күрт өсті. Еуропада газ бағасы өткен жылмен салыстырғанда 5-6 есе өсіп, мың текше метріне 2 мың доллардан асып кетті.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Мұнай және газ бағасы өсті

Оның теңге бағамына әсері қалай болмақ?

Сарапшылар мұнай бағасының қымбаттауына қатысты себепті түрлі жағдайдан іздейді. Олардың біркатары «қара алтын» құнының өсуіне табиғи газдың қымбаттауы әсер етті деп есептейді.

Сонымен қатар мұнайға деген сұраныс арта түсті. Ол бағаның шарықтауына өз әсерін тигізбей қоймай. Жақында өткен ОПЕК+ қатысушы елдерінің отырысында Қазақстан Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев еліміздің алдағы айларда мұнай өндірісін арттыратынын мәлімдеді.

Келісімге қатысушылар тәулігіне 400 мың баррель болатын қазіргі өндіріс деңгейін ұжымдық түрде өсіру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім аясында Қазақстан қазан айында тәулігіне 1,5 млн баррель мұнай өндіруі тиіс. Демек, ай сайын өндіріс көлемі тәулігіне 16 мың баррельге артып отырады.

Жуырда мұнай бағасына қатысты Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова да түсініктеме берген. Оның айтуынша, Еуропа мен Азияда жылу беру маусымы қарсаңында газ қымбаттап кетіп, нәтижесінде көп компания мұнай тұтынуға күрт бетбұрыс жасады.

Бұл дәйектеме көңілге қаншалықты қонымды? Қазіргідей ақпараттың алапат тасқыны жағдайында мұндай байламды кез келген сарапшы айта береді. Тенгенің нығаюы немесе құлдырауы мүмкін дегенге әсер ететін факторлар көп. Қазір әлемде инфляция қарқыны күшейді. Қымбатшылық ауыздықтауға келмейтін деңгейге жетті. Әлем сарапшыларының айтуынша, ақпаның құны жоғалып, оның сатып алу қабілеті күрт төмендеді. Осыған орай көмірсутегі шикізаты қымбаттауда. Кейінгі уақытта Еуропаның біркатар саясаткерлерінің дәстүрлі отыннан бас тартып, баламалы энергия, яғни «жасыл» экономикаға көшмез деген әңгімелері әлем нарығында қарама-қайшы пікірлер туғызды. Баламалы энергия көздерінің тым қымбатқа соғатыны қазірдің өзінде белгілі бола бастады. Энергия қымбаттаған сайын кез келген өндіріс өнімдерінің, қызмет түрлерінің бағасы өсетіні белгілі. Баға тұрақты деген Еуропада соңғы уақытта қымбатшылық белең ала бастады. Бұл орайда еліміздегі жағдайға орайлық.

Күні кеше ҚР Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев Атырау мұнай өңдеу зауытында дизель отынымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өткізді. Ведомство басшысына ішкі нарықтағы қазіргі жағдай туралы баяндалды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ деректері бойынша отандық мұнай өңдеу зауыттары барынша жүктелген. Мұнай өнімдерінің негізгі түрлері бекітілген жоспардан асыра өндірілуде.

Алайда тамыз-қыркүйек айларында Қазақстанда дизель отынын нормадан тыс жоғары тұтынуы тіркелді. Бұның себебі, дизель отынының бағасы төмен болғандықтан, оның транзиттік жүк көліктерімен ағыны орын алды. Энергетика министрлігі нарықты тез арада тұрақтандыру және сапалы отынмен қамтамасыз ету міндетін қойды. Күн сайын Шымкент зауытында шамамен 5,5 мың тонна дизель отыны, Атырау зауытында 4,4 мың тоннаға жуық дизель отыны өндіріледі. Бұл – Ұлттық компания басқармасы төрағасының орынбасары Данияр Тисесовтің мәлімдемесі.

14 күн ішінде екі зауыт 133 мың тонна дизель отынын өндірілді, бұл жоспарлы көрсеткіштерден 4 мың тоннаға артық. Биылғы жылдың 9 айында үш зауытта барлығы 3,7 млн тонна дизель отыны өндірілді.

Кеңес қорытындысы бойынша Мағзұм Мырзағалиев Ұлттық компанияға мұнай өнімдерін өндіру бойынша тиісті тапсырмалар беріп, оларды толық бақылауда ұстауды міндеттеді. Жағдай осылайша барлық жерде күрделі сипат алууда.

Негізгі айтпағымызға қайта оралайық. Ресейдің вице-премьері Александр Новак жуырда мәлімдеме жасап, «қара алтын» бағасы жылдың соңына қарай барреліне 100 долларға жететінін айтты. Бұл – болжам емес, жағдайды сұрыптай білетін көңігі маманның пікірі. Мұндай жағдайда тенгенің жағдайы қандай болады? Шикізат бағасы қымбаттаған сайын Қазақстан экономикасының «жаны кіреді», алайда тенге құнсыздануы әбден мүмкін. Бұл кей жағдайда әлемдегі геосаяси тұрақтылықтың қаншалықты бекем екеніне, сондай-ақ ел экономикасында импорт-экспорт теңгерілімінің оң балансына байланысты болады. Кейінгі уақытта Қазақстанда біркатар өнімдердің экспорты өсті. Бұл – әлбетте, жақсылықтың нышаны. Дегенмен, экономика өсімінің күрт белең алу қарқыны әртүрлі ойларға жетелейді. Біздегі жалақының кейінгі өсуіне байланысты «артық теңгелер» нарыққа, инфляцияға, сондай-ақ тенге бағамына теріс әсер етуі әбден мүмкін.



КЕНТ КЕЛБЕТІ

Жалағаштың көркі – жабық бассейн



Бұл нысан Жалағашқа сапарда көзге түсті. Су жана жабық бассейні. Ғимаратты да осы өңірдің тумасы Қайыржан Құткесенов салып берген. Быттыр шілде айында басталған құрылыс тура бір жылдан кейін бітіпті. Есселі кешен бүгінде Жалағаш кентінің көркіне көрік қосқандай.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

3-бет

БІЛІМ



Педагог мәртебесі көтерілді, беделі қандай болмақ?

Әлемді жайлаған қатерлі індет еліміздің экономикасына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, тіпті жеке адамдардың психологиясына да әсерін барынша тигізуде. Осындай қиыншылықтарға қарамастан елімізде, өңірімізде еңбек адамдары үлкен қажырлылықпен жұмыс істеуде. Әрине, олардың алдыңғы легінде педагогтар, дәрігерлер жүреді.

Жалпы, осы пандемия педагогтардың қоғамда алатын орнын барынша айқындап берді: егер еліміздің ертеңін ойласақ, онда педагогтардың өз жұмысына деген ынтысын арттыру міндеті тұрғаны анықталды. Ал, ынтықтандыру дегеніміз – оларды материалдық тұрғыдан қолдау, оларға жақсы жағдай жасау екендігі анық. Кейінгі жылдары осы тұрғыда Үкімет, министрлік тарапынан біраз нақты қадамдар жасалды, бұл – қуанарлық жағдай. Өткен жылы қабылданған «Педагогтар мәртебесі туралы» заңның Үкімет отырысында бекітілуі ұстаздар қауымын біраз желпіндіріп тастады, сонымен қатар «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы, «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісі тағайындалғаны өте құптарлық. Олармен қоса, өңірдің білім саласын дамытудағы үлес қосып жүрген 10 үздік ұстазға қаржылай біржолғы сыйақы берілгені де көңілге қуаныш ұялатады. Еліміздегі қазіргі жағдайға байланысты туындаған экономикалық қиындықтарға қарамастан, ұстаздардың жалақы мөлшері біртіндеп көтерілуде. Осы қадамдардың барлығын ұстаздарға көрсетілген құрмет деп түсіну керек. Жасыратыны жоқ, «Алты алаштың баласы бас қосқанда, сөз алдымен ұстазға беріледі» деп жалаулатқанымызбен, тек мейрамдарында ғана ауызға алынып, сый-құрмет көрсеткендей сынай байқалатын, оның қасында жоғарыда аталған іс-шаралар – ұстаздар мәртебесін көтеру жолындағы нақты қадамдар. Өңірдің барлық аудандарындағы мектептерде өз ісін шын шеберлері, оқушыларына терең білім берумен қатар үлкен адамгершілік тәрбиесін беретін ұлағатты ұстаздар көптеп саналады. Олар барды қанағат тұтып, қарапайымдылықтың үлгісін көрсетіп, өз істерін адал атқаруда. Сондықтан олардың қажырлы еңбегінің өтеуі де жоғары болғаны құптарлық. Жалпы, ұстазын ұлықтаған елдің ертеңі жарқын деп ойлаймын.

2-бет

Вакциналау паспорты: Құжатымызды қай елдер мойындады?

Елімізде 18 қазан күнгі мәлімет бойынша бір тәулікте 1642 адамның коронавируспен ауырғаны ПТР арқылы расталса, 1459 адам аурудан айықты. Өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы жарияланып, «Қызыл аймақта» Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Қостанай, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары тұр. Алматы, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары «сары аймаққа» орналасса, «жасылда» Шымкент қаласы, Ақтобе, Атырау, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда облыстары.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін 8 029 779 адам салдырса, II компонентін алғандар саны 7 128 454 адамды құрады. Біздің елде эпидемиология біршама тұрақталғанымен, өзге мемлекеттер күресті күшейтуге кірісті. Мәселен, Грузия коронавирустың таралуының бесінші толқыны басталғанын мәлімдеді. Республиканың денсаулық сақтау министрлігі жергілікті тұрғындарды вакцина алуға тағы да үндеді. Әзірге коронавирус вакцинасының екі компонентін 900 916 адам алды, бұл республика халқының 24,2%-ін құрайды.

3-бет



Ер есімі еленбей қалмайды

Сенбіде «Евразия» спорт кешенінде шағын футболдан табиғат қорғау саласында қызмет атқарып жүріп, ерлікпен қаза тапқан Әділ Кенжеғұловты еске алуға арналған облыстық турнир өтті. Жарысқа сегіз команда қатысты.



Турнирдің ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет ардақты азамат жайында жылы лебізін білдірді. Әділ Кенжеғұлов полиция және табиғат қорғау саласында жемісті еңбек етті. Кай қызметінде де өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, абырой білгінен көрінді. Қоршаған орта байлығын қорғау барысында екі жыл бұрын 25 қазанда кенеттен көз жұмған болатын. Ерлік үлгісін көрсеткен азамат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен үшінші дәрежелі «Айбын» орденіне лайық деп танылды.

Турнир биыл алғаш мәрте жалауын көтерді. Алдағы уақытта республикалық деңгейге көтеру ойластырылып отыр. Турнирдің өткізілуіне ауылдастары мен достары қаржылай

қолдау көрсетті. Ә.Кенжеғұловпен мектепте бір сыныпта оқыған белгілі айтыс ақыны Мұхтар Ниязов алдағы уақытта турнирге демеушілер тартуға назар аударылатынын жеткізді.

Турнирде «АДАМ» командасы бірінші орын алды. Одан кейінгі орындарды КГЭК және «Абай-Дәулет» командалары бөлісті. Оларға 100-200 мың

теңге аралығында қаржылай сыйақы берілді.

Сондай-ақ, турнирде қакпашы Диас Уәлихан, қорғаушы Нұржаубай Бостанов, шабуылшы Досымхан Қуаныш, Мұхтар Қоштай және Нұрдаулет Бөрібайұлы үздіктер сапынан табылды.

«СБ» ақпарат

Тауар тапшылығына жол берілмейді

«Nur Otan» партиясы жанындағы экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес мүшелері Қызылорда қаласындағы бірқатар әлеуметтік дүкендерді аралап, ондағы азық-түлік бағасы мен сапасына мониторинг жүргізді.



Партия әлеуметтік маңызды бар өнімдер бағасын тұрақтандыру, тұрғындарға қолжетімді болу үшін сайлауалды бағдарламасында әлеуметтік дүкендер санын арттыруды мақсат еткен. Кейінгі кезде Қызылорда қаласында 5, Қармақшы ауданында 2 дүкен ашылды.

Қызылорда қаласы мен оған қарасты кент, ауылдық округтерде жалпы саны 34 әлеуметтік дүкеннің жұмысын «Байқоңыз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ үйлестіріп

отыр. Қосымша құрастырмалы типтегі 5 әлеуметтік дүкеннің құрылысын салу үшін акционерлік қоғаммен мемлекеттік сатып алу шарттары жасалды. Нақты кезеңде құрастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы, әлеуметтік дүкендердегі өнімдердің бағасына күн сайын мониторинг жүргізіледі. Тауарлар белгіленген бағада сатылууда.

– Әлеуметтік дүкендердегі өнімдер бағасы нарықтағыдан төмен. Сондықтан, тауарларды көтерме сатып алу және

қайта сату фактілеріне жол бермеуіміз қажет. Бұған қоса, өнімдер жеткілікті болу үшін тапшы тауарларға шектеу енгізілді. Мәселен, бір сатып алушыға қант 2, картоп 3, сәбіз 2, тауық еті 2 келден, жұмыртқа 10 данадан, ал өсімдік майы 1 литрден берілуі тиіс, – делі мониторинг жұмыстары барысында қоғамдық кеңес төрағасы Қожахмет Ілиясов.

Айта кетейік, бүгінде әлеуметтік дүкендерде нан – 55, қанттың келісі – 270, өсімдік майының литрі – 630, картоп

– 130, сәбіз – 170, бас пияз бен қырыққабат 80 теңгеден босатылууда.

Бірінші сортты ұнның келісі – 135, қарақұмық жармасы – 400, күріш – 210, макарон – 200, сиыр еті – 1650, тауық еті (окорочка) 785 теңгеден, тұз – 40, жұмыртқаның бір данасы – 26, сүттің литрі – 280 теңгеден, айран – 225, сүзбе – 1283 теңге және сары майдың келісі – 2504 теңгеден сатылууда.

«СБ» ақпарат

Педагог мәртебесі көтерілді, беделі қандай болмақ?

Биылғы жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін ең төменгі деңгейлік көрсеткіш – 75 балл болып белгіленді, ал бытырдан бастап осы мамандықтар бойынша мемлекеттік тасырыс негізінде оқитын студенттердің, магистранттардың, докторанттардың стипендиялары бір жарым есеге дейін көбейді. Міне, осы жұмыстардың барлығы педагог мамандығы мәртебесінің көтерілуі үшін жасалғаны айқын. Оның да өз себебі бар: кешегі өтпелі кезеңнің ауырталпығы еліміздің экономикасын тұралатқан шағында көптеген білімді де, білікті ұстаздар күнкөрістің қамымен базар жағалап кеткені бәрімізге белгілі, олардың орнына мектептерге және басқа да оқу орындарына кездейсоқ адамдар келе бастады. Олар оңі түгін түсінде де ұстаз болам деп ойламаған еді...

Енді еліміздің экономикасы тұрақталып, жағдай түзеле бастағанда ұстаздар қауымының қызметіне, олардың тұрмыс-тіршілігіне назар аударылып, арасында кездейсоқ адамдардың болмауына жіті бақылау жасалуда. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Енді мұғалімдердің білімі мен біліктілігіне қатаң талап қойыла бастайды, оны қазіргі заманның талабы деп түсінесек болады. Біліктілік демекші, әр жылдың аяғында, басында аудандық, қалалық, облыстық пәндік олимпиадалар дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Осы олимпиадаларда ұсынылатын есептер өте жоғары деңгейде болып келеді. Ол есептердің барлығы Республикалық оқу-әдістемелік «Дарын» орталығында дайындалады да, бір мезгілде еліміздің барлық аудандарына, қалаларына жіберіледі. Сол есептерге оқушы түгүл пән мұғалімдерінің тісі бата бермейді. Оның себебі, біріншіден есептердің авторлары (Елеусинов Б., Сатылханов К., Қанжиган Б., Васильев А., т.б) кезіндегі Халықаралық олимпиадалардың алтын, күміс жүлдегерлері және олар бұл жұмыспен кәсіби түрде айналысады, екіншіден біздің мұғалімдеріміздің теориялық дайындығы жетіксіремейді. Бұл жағдай, әсіресе, жас ұстаздардың арасында көптеп көрініс береді. Бұл есептер негізінен мектеп бағдарламасына еңбеген, еңсе де мейлінше аз қарастырылған

тақырыптарды қамтиды. Атап айтқанда: салыстырулар теориясы, сандар теориясының көптеген теоремалары, графтар теориясы, инварианттар теориясы, функционалдық теңдеулер секілді. Осы ретте мұғалімдердің біліктілігі мен терең білімі, олардың оқушыларынан көрініс береді. Әрине, олардың мектеп бағдарламасын жақсы білетініне ешкім шүбә келтірмейді, алайда тек мектеп бағдарламасымен ғана шектелсек, онда біз оқушыларымыздың білімін жоғары деңгейге көтере алмаймыз. Айтатын бір сылтауымыз бар: мектептегі күнделікті жүргізілетін іс-шаралар мен қағаз-бастылық уақыттың барлығын алады, сондықтан білімімізді көтеруге мүмкіндігіміз жоқ. Менің оларға айтатын бір ғана уәжім бар, егер біз осы заманның талабына сай күнделікті жүйелі түрде жаңа идеялармен, біліммен қаруланбасақ онда көптен қала береміз. Оны соңғы жылдардағы математика пәнінен болатын дәстүрлі Республикалық олимпиададағы оқушыларымыздың көрсеткіштері анық көрсетіп тұр.

Осыған байланысты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Математика және қолданбалы механика» кафедрасының ұжымы облыстағы математика пәнінің мұғалімдері үшін «Мектеп математикасының танымалы бөлімдері мен теоремалары» тақырыбымен біліктілікті арттыру курсынан ұйымдастыру жұмысын қолға алды. Курстың ұзақтығы 72 сағат деп есептеліп, жоғарыда аталған өнімдер түгел қамтылу көзделіп отыр. Осы ретте, біз облыстық білім басқармасының көмегіне жүгінеміз. Себебі, мұғалімдердің курсқа қатысуын қамтамасыз ету – үлкен жұмыс, сондықтан бұл аудандық, қалалық білім бөлімдері осы ұйымдастыру жұмысына көмектiрiп бередi бiл сенемiз.

Түйінін айтқанда, ұстаздың беделі оның терең білімі мен біліктілігінде. А.Жұмаділдаев шыққан өңір талантқа кенде болған емес. Кім біледі, шалғайдағы ауылдарда талай Асқарлар жүрген болар, оларды тауып, терең білім беріп елдің алдына шығару – біздің негізгі міндетіміз.

Б.ЖАНМОЛДАЕВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор

● ПІКІР-ПАЙЫМ

Салауаттылық салтқа айналса

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажеттігін атап өткен болатын. Өкімдердің жұмысы балалардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттай алғанына қарап бағаланатынын баса айтқан.

Осыған орай, Мемлекет басшысының «Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беріп, барлық жағдайды жасау керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет» деген ұстанымын толық қолдаймын.

Мен Алматыдағы Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «Ағаш өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша 2013 жылы бітіріп шыққаным. Кейін біршама уақыт, кәсіптік-техникалық колледжде «Арнайы технология», оның ішінде «Ағаш бұйымдарын жасау» пәнінен дәріс бердім. 2018 жылы қосымша «Болашақ» университетінің «Дене шынықтыру және спорт» факультетін тәмамдадым. Бүгінде жаңа ашылған №282 мектеп-лицейіде осы пән бойынша 5-8 сынып оқушыларына сабақ жүргізіп келемін.

Жастайымнан түрлі спорт ойындарына әуес болдым. Волейбол, футбол және баскетболға қызығушылығым басым еді. Ойын техникаларын түсіндіріп, әдістерін ұғымдылармен мектептегі алғашқы ұстазым Қармақыс ауданы Дүр Онғар ауылындағы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ардақ Алмағамбетов болатын. Ол бар білгенін жаттығуларда, тәжірибе жүзінде, тікелей көрсетіп жүріп үйретті.

Өздеріңізге белгілі, қашықтан оқыту жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертті әрі тиімсіздігін көрсетті. Әсіресе, дене шынықтыру сабағын онлайн платформада өткізу тіпті қиынға соқты. Сондықтан, балалардың сапалы білім алуын дәстүрлі тәсілге қайта көшудің, олардың әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдерімен және сыныптастарымен араласуының орны бөлек деп есептеймін. Бұл тұрғыда Қасым-Жомарт Кемелұлы толыққанды оқу үдерісін үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажеттігіне назар аударды.

Білім саласындағы басты мәселенің бірі ұстаздардың жалақысын көтеру жыл санап шешімін тауып келеді. Педагогикалық мамандықтарға бөлінетін грант саны да едәуір артты. Осы орайда, дене шынықтыру және спорт факультеттеріне де тегін оқуға түсуге гранттар көбірек бөлінсе, сондай-ақ дарынды спортшы оқушылар мен олардың бапкерлеріне қаржылай қолдау көрсетілсе деген ұсынысымыз жеткізгім келеді.

– Мен 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдадым. Жалақы мөлшері алдағы уақытта да арта береді. Бұл мақсатқа алдағы үш жылда қосымша 1,2 триллион теңге бөлінеді, – деген Президент сөзі, әрине, көңілге қуаныш ұялатады.

Біз соған лайықты еңбек етіп, артылған сенімді толық ақтап шығуымыз керек.

Асқар ЕРАЛПЕВ,
№282 мектеп-лицейдің мұғалімі

● ЖОЛДАУ: СҰХБАТ

Қазақстан Президентінің биылғы Жолдауы тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында жарияланды. Маңызды саяси құжатта ел дамуының бүгінгі міндеттері жан-жақты сарпалтылып, негізгі бағыттары айқындалды. Газет тілшісінің «Өрлеу» БАҰО» филиалының облыс бойынша директоры Бауыржан Елеусиновпен әңгімесіне Жолдаудан туындайтын білім саласының өзекті мәселелері арқау болды.

– Бауыржан Тәжмағанбетұлы, өзіңізге мәлім, өткен жыл бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанға да оңай тимеді. Пандемия салдарынан экономика тұралады. Етек-жеңімізді енді жасып жатқан жағдайымыз бар. Біздіңше, биылғы жылдың ерекшелігі сол, жаңа уақытқа жаңа талап-пен келген сыйақымыз байқалады. Экономиканың ауыр зардаптарының әлі де сезінетін боламыз деген алаңдаушылыққа қалай жауап берер едіңіз?

– Әлемдік сарапшылар әртүрлі болжам айтады. Дегенмен экономика 2019 жылдың деңгейіне біртіндеп келіп, биылғы жылдың соңында өсім болады деген болжам бар. Жалпы менің түсінігімде дамуды оң сипатта болжау күтпеген қиындықтарға кездестіруі әбден мүмкін. Сондықтан бүгінгі көрсеткішке қанағат білдіруге болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отырғанын, Тәуелсіздік біздің ең кастерлі құндылығымыз екенін айтты. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болғанымызды атап көрсетті.

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Егемендік дегеніміз – жалан ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Бүгінгі Қазақстанның көрінісі нақ осындай екенін мойындауға болады.

Президент пандемия жағдайында жасалған жұмыстарға тоқталды. Мемлекет азаматтарға, кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті. Қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге. Осының барлығы сонау тәуелсіздіктің алғашқы он жылында қалыптасқан еліміздегі Ұлттық қордың арқасында мүмкін болды.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтары мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама экономикаға айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын үй жағдайын жақсартты. Кейбірі ипотекалық қарзын азайтты. Шынын айту керек, осынау әлеуметтік қолдау елімізде бірқатар күмәнді ойларға қарамастан сәтті жүзеге асырылды. Алдымен тұрғын үй нарығы біршама қымбаттағанымен, қазір жалақының өсуі бойынша баға тұрақталды. Ең бастысы, 2020 жылдың қорытындысы бойынша, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жыл ішінде тұңғыш рет өңдеу өнеркәсібінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып түскені қуанталады. Бұл біздің алдағы уақытта шикізат шылауынан арлыуымызға мүмкіндік береді.

Орта мерзімдегі мақсатымыз бойынша 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспорты 1,5 есе өсіп, ол 24 миллиард долларға жететін болады. Ал, еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру көзделіп отыр. Осының барлығы, сайып келгенде, дамыған Еуропаның орташа көрсеткішіне жетуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы Жолдауда қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап өтті. Жолдауда айтылған тәжімді мәселелер және оларды шешуге байланысты нақты міндеттер біздің болашаққа деген сенімдімізді бұрыңғыдан да нығайта түсті.

– Сіз үшін Жолдауда білім саласының басым бағыттары маңызды екенін атап өткім келеді. Бұл орайда нендей жаңалықты сезін байқадыңыз? Алдағы уақыттан не күтесіз?

– Білім саласының қызметкері ретінде осы бағытқа қатысты Жолдауда айтылған мәселелер жайлы өз пікірімді білдірейін. Дана халқымызда «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қанатты сөз бар. Қазіргі кезде әлемнің барлық дамыған елдері білімге, ғылымға барынша көңіл бөледі. Өйткені, білім мен ғылым – мемлекет дамуының алтын арқауы. ХХІ ғасырда кез келген елдің табысты болуы оның адамдарының бәсекеге қабілетімен анықталады. Ал, білім саласы – мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін маңызды сала.

Мемлекет басшысы үкіметке қашықтан оқыту жағдайында ақпарат

екені белгілі. Кезінде ұлтымыздың ұлы ұстаздарының бірі Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі» деп бекер айтпаған.

Қазіргі жаһандану жағдайында елдің экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы, бәсекеге қабілеті, ұлт болашағы, адам капиталының деңгейі мен мемлекеттің қауіпсіздігі сол елдің білім беру жүйесінің дамуы мен білім сапасына тікелей байланысты. Ұстаздың білімі мен білігіне сын. Оның қоғамдағы орны жайлы кезінде қазықтың ақын ақыны Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың баласы бас қосқанда, қадірлі орын – мұғалімдікі» деген еді. Өйткені, білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білікті мұғалімдер, кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамыған кемел ұстаздар ғана тәрбиелей алады.

– Сіз басқарған салада Жолдауды жүзеге асыру мақсатында қандай



Білім деңгейі бәсекеге қабілетпен өлшенеді

тық жүйелер жұмысының сапасын арттыруды тапсырды. Себебі, пандемия кезіндегі қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті. Бұл меніңше, уақытша қиындықтар деп ойлаймын. «Көш жүре түзеледі» демекші, барлығы өз орнына келеді.

Президент биыл бірнеше оқушы халықаралық пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері атанғанын айта келіп, мұндай дарынды балаларға жоғары оқу орнына конкурстан тыс түсуге мүмкіндік беретін арнайы гранттар мен бірреттік қаржылай сыйақы беру жөнінде тапсырды. Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырып жөн екенін айтты. Иә, бізде көп жылдар бойы ұстаздар еңбегі тиісті деңгейде бағаланбай келді, мәртебесі айқындалмады. Қазір барлығы орнына түсіп келеді.

Білім беру саласында 2025 жылға дейін 1000 жаңа мектеп салу арқылы елімізде оқушыларға мектептегі орын тапшылығын төмендету міндеті қойылды. Бұл орасан зор міндет. Елімізде халық саны артуда. Кейінгі жылдары демографиялық ахуал анағұрлым жақсара түсті.

Президент білім жүйесіне білікті мамандар қажеттігін айтып, мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізіміз керек деп атап көрсетті.

Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді. Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары. Бұл жағдайды түзету қажет. Суранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек.

Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуіне тиіс. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн», – делі өз сөзінде Мемлекет басшысы.

Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтыруды тапсырды.

Елімізде 2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті. Бірақ, бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды. Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорқышлар, көлік жүргізушілер және басқалар.

Сондықтан, 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады. Тұтастай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді, – деп атап өтті Президент.

Мектептегі басты тұлға – мұғалім

шаралар қолға алынуда?

– Жолдауда алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Өрлеу» біліктілік арттыру Ұлттық орталығында жұмыс жоспары жасалып, қазірдің өзінде көптеген жобалар жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, жаңа оқу жылы қарсаңында «Өрлеу» БАҰО» АҚ орта білім беру ұйымдарының педагогтері мен педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне «Педагогтердің цифрлық қызыреттілігін дамыту» тақырыбында тегін онлайн-курс ұйымдастыруда. Курсты әзірлеуге «Өрлеумен» бірге Еуропалық білім беру қоры, Microsoft Kazakhstan, Bilim Media Group және Kundelik сияқты ірі компаниялар қатысты. Педагогтер курс барысында цифрлық білім беру технологияларынан жетік меңгеріп, сабақты жобалау әдістемесін, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалай алады, оқыту мазмұнының нысандарын және тиісті әдістерін игереді. Ең сабақтарында Activstudio, Pictochart, Jamboard, Prezi, Fliprity сияқты сандық ресурстарды және басқа да көптеген құралдарды нәтижелі пайдалана алады. Инновациялық технологияларды білім беру процесіне интеграциялау бойынша Финляндия мен Оңтүстік Кореяның озық тәжірибелерімен таныса алады.

Сонамен қатар, жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарды бітіруші түлектеріне педагогикалық жаңа технологиялар бойынша арнайы курстар өткізілуде. «Өрлеудің» тағы бір үлкен жобасы – жоғары оқу орнын педагогикалық мамандықтар бойынша бітірген жастарға арналған арнайы курстар. Бұл курстарда жас педагогтерге жан-жақты әдістемелік қолдау көрсетіліп, ұстаздық қызметке кірігуінің инновациялық әдіс-тәсілдері, тәжірибелі ұстаздар көмегімен жұмысты тиімді ұйымдастырудың ұтымды жолдары қарастырылған. «Өрлеу» БАҰО Британдық Кеңес халықаралық ұйымымен бірлесіп еліміздегі ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің пәндік қызыреттіліктерін арттыру мақсатында Future English Online Teacher Community Program бағдарламасы бойынша қашықтан оқыту курсына бастап кетті. Оқыту тегін, курсқа қатысу үшін қойылатын негізгі талап: ағылшын тілін білу В1 деңгейінен төмен болмауы тиіс.

Технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім сапасын қамтамасыз етудегі мұғалімнің ролін ешнәрсенен ауыстыруға болмайтынын халықаралық зерттеулер көрсетуде.

Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп айтады. Сондықтан, Мемлекет басшысы алға қойған жаңа міндеттер мен тапсырмаларды бірлесе орындасақ алмайтын асу, бағындырмайтын белес болмайды деп санаймын.

Әңгімелескен
Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Жалағаштың көркі – жабық бассейн



Бодыбай Құлтеңенов атындағы бассейн енді аудан тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына себін тигізбек. Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің қарамағына өткен нысанды директоры Мұхтар Құлбодиев таныстырды.

– Қазір мемлекет меншігіндегі мекеме. Барлық құжаттар рәсімделіп, штаттық кесте бекітілді. Әзірге екі ауысыммен үш жаттықтырушы болады. Сондай-ақ жергілікті жұмыспен қамту бөлімі арқылы, арнайы жолдамамен медбике, есепші, еден жуушы, күзетші, сантехник, электрик сияқты қызметкерлер де алынады. Жалпы 15 адамдай жұмысқа қабылданады, – дейді ол.

Үлкендерге арналған бассейнің ұзындығы – 25, ені 12 метр. Ал терендігі 1,6 метрден бастап 2 метрден асып жығылады. Балаларға арналғаны бөлек. Жеті жасқа дейін. Ұзындығы 12, ені 6 метр болатын бассейндің терендігі 60 сантиметр. Суға түскенде батпауға арналған жабдықтар да жеткілікті.


– Бассейндегі су айына бір рет ауыстырылып тұрады. Ал заңдылығында үш не алты ай деп береді. Мұндағы су үнемі айналымда, астында орналасқан төрт филтр қондырғы арқылы ұдайы тазалайды. Судың температурасын қалыпта ұстайтын құралы бар. Балалар түсетін бассейн температурасы 32, ал ересектердік 28 градус. Еден де 1-бет

жылтықшықа қосылған. Негізгі талап – келушілер тері аурулары жоқ екенін растайтын дәрігердің рұқсатымен ғана суға түсу керек. Ішімдік пайдаланған тұрғындар мүлде кірмейді. Сондай-ақ шыны ыдыстарды пайдалануға рұқсат жоқ, – дейді спорт мекемесінің басшысы.

Туған өлкесін түлетуге атсалысқан жеке кәсіпкер Қайыржан Құлтеңенов ғимаратқа 400 млн теңге шамасында қаржы жұмсаған. Заманауи спорт кешенінің сапасы мен қызмет көрсетуі көңілден шығады. Мұхтар Құлбодиевтің айтуынша, мұндағы бір айға суға түсулің құны – 10 мың теңге. Аптасына үш рет келе аласыз. Ал жеті жасқа дейінгі балаларға тегін. Ер және әйел адамдарға апта күнделік бөліп қарастырылады. 20 адамға дейін қабылдауға мүмкіндігі бар бассейнде оқушыларға жүзу үйірмесі де ашылмақ.

Айта кету керек, соңғы жылдары Жалағашта қарқынды құрылыс жүріп, аудан орталығы сән берер ғимараттармен толығуда. Дәл осы жабық бассейндің жанынан Рәміздер алаңы тұрғызылып жатыр. Оған аудандық бюджеттен 70 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген. Жыл соңына дейін жұмыстар аяқталады. Сондай-ақ құны 378,1 млн теңге болатын 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылысы бітуде. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тарту болу мұндай нысандардың көптеп салынуы тұрғындардың да көңілін тоғайтып тұр.

Вакциналау паспорты: Құжатымызды қай елдер мойындады?



Ал Вьетнам халықты COVID-19-ға қарсы вакциналау үшін «Спутник V» қолдана бастады. Препарат Хошиминдегі үш егу пунктіне жеткізілді. 2022 жылдың маусымына дейінгі кезеңде Вьетнамға Ресей тікелей инвестициялар қоры мен екі вьетнамдық компания арасындағы ұшақтары келісім бойынша «Спутник V» вакцинасының 40 млн дозасы жіберілді.

Осы орайда Қазақстанның вакциналау паспорттарын қай елдерге кіруге болады? Біле отырсақ, Egemen.kz мәліметіне сүйенсек, осы уақытқа дейін елде 13 мемлекеттің вакциналау паспортты таныды. Еліміздің вакциналау паспорттарын мойындаған мемлекеттердің ішінде Армения, Аргентина, Беларусь, Венгрия, Грузия, Иран, Қырғызстан, Молдова, Монголия, Сан-Марино, Таиланд, Түркия мен Эстония бар. Осылайша қазақстандықтар да, осы елдердің азаматтары да мемлекеттік шекараны карантиндік шектеуіс ете алады. Ол үшін коронавирусқа қарсы вакциналау паспортын көрсетсе жеткілікті. ПТР-тест тапсырып, карантинде отырудың да қажеті жоқ. Қазақстан азаматының қандай екеп салдырғаны да маңызды емес. Ең бастысы, вакциналау паспортты болуы шарт.

Ал Мысыр мен Оман қазақстандықтардың вакциналау паспорттарын біржақты ретпен таныды. Ол жаққа барған отандастарымызға да ПТР-тест тапсыру және карантинде отыру талабы қойылмады.

Қазіргі кезде Ресей, Әзербайжан, Иордания, Индонезия, Марокко, Өзбекстан, Филиппин және тағы басқа мемлекеттермен вакциналау паспорттарын өзара тану бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Қазақстан мойындаған елдерде коронавирусқа қарсы вакцинаның түр-түрі егіледі. Соның ішінде QazVac (қазақстандық вакцина), «Спутник V» (ресейлік вакцина), «Спутник Лайт» (ресейлік вакцина), Vero Cell, CoronaVac (кытайлық вакциналар), Astra Zeneca (ағылшын-швед вакцинасы), Novavax, Pfizer, Moderna, Johnson&Johnson (америкалық вакциналар), COVIran Barakat (ирандық вакцина).

Айта кетері, вакциналау паспорттарын өзара тану шараларымен Сыртқы істер министрлігі айналысады. Алдымен келіссөздер жүргізіледі. Одан кейін екі мемлекет нота алмасып, вакциналау паспорттарын тануға келіседі. Бұдан бөлек, бас мемлекеттік санитар дәрігер өзге елде берілген вакциналау паспорттарын тануға рұқсат бере алады.

Әбдіғаппар Нұртазаев – ғұмыр бойы жүрегіміздің төрін орын алған адам. Оның әдемі құдімісіреген көркем бейнесі көз алдымда. Әбдіғаппар аға маған жоғары оқу орнына ғана емес, келешек өмірге жолдама берді. Ол кезде орта білім алған оқушы екі жыл өндірісте істеп, колхоз, совхоздан анықтама алатын. Қуаландырылған бұл құжат болмаса, институттардың қабылдау комиссиясы ауылға қайтаратын. Заң солай еді. Шаруашылықтың жолдамасымен бару – студент атану деген сөз.

Үлкен өмірге жолдама берген еді

Ауылдың қарасирақ баласы болып өстік. «Қыраштағы» асармен соғылған аласа бастауыш мектепті бітіріп, көрші «Бірлік» ауылындағы 7 жылдық мектепте оқуымды жалғастырып, одан әрі аудан орталығы Жаңақорғанда орта білім алдым. Бірлік совхозына барып, №2 қой фермасында жұмысын болып, мал қора соқтық, шөп тасып, мал азығын даярладық, сақпанышы болдық, қыркымыға қатыстық. Біз істемеген жұмыс қалмады. Іштей арманым – жоғары оқу орнына түсу. Күн санап жүріп жылды да толтырдым. Совхоз орталығына да жеттім. Директор Есімов үш айлық оқуға кеткен екен. Оның міндетін атқарушы болып өзіміздің жақын туысымыз, совхоздың бас агрономы Әбдіғаппар Нұртазаев ағамыз қалыпты. Қуанышымнан батылсыздығым басымда. Бұрын мұндай үлкен кісілердің алдына кірмегенмін. Үнемі әкем айтып отыратын «Тәуекел түбі – желпайық, өтесін де кетесін» деген мақалы жігер бергендей. Кезегім келіп, директорың бөлмесіне кіріп бардым. Алып-ұшқан жүрегім басылды. Әбдіғаппар ағамыз жылы шыраймен қарсы алды. Оның сөзінен де, үнінен де жылылықты, жақындықты, қамқорлық пен жанашырлықты ұқтым.

– Жамалхан бауырым, біз саған анықтама ғана емес, үкіметтің қаулысына сәйкес совхоз атынан оқуға жолдама береміз. Егер институтқа түссе қалсаң, совхоз атынан стипендия тағайындайды. Бірақ тиісті мамандық алған соң совхозға орналасасың, қандай қызмет атқаратыныңды дирекция шешеді. Бағына қарай көресің, інім, жолың болсын! – деп желпіліріп тастады. Кабинеттен мәз болып шықтым.

Сонымен құжаттарымды алып, Қызылордадағы даярлық курсына барып, одан соң Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, 1967 жылы тәмамдап шықтым.

Әлі есімде. Бірінші курсты бітірген, аздап жастық желік бар кез. Рахметімді айтып шығайын деп Әбдіғаппар ағайға арнайы соқтым. Сол баяғы ақжарқын кейпі, жаныңды жадыратар құлаққа жағымды жылы сөзі. Орыннан атып тұрып амандасты да:

Жамалхан, міне, азамат, жарайсың. Ата-ананды қуанышқа бөледің. Біз де қуанып қалдық. Енді болашақ малдәрігері мамандығың алып шығасың. Сабақты жақсы оқы. Терен білім алу керек. Ертен қоғамға да, халқына да қызмет істейсің. Білімді болсаң, адал болсаң, абыройлы боласың. Ойың-сауық қуалап кетпе. Біз саған жолдаманы сеніп тапсырдық, жарай ма? – деді.

Не дейін, «Жарайды, аға», – дедім. Оқушы кезімдегідей ба-



сымды бір сипады. Осы айтқан ақыл-кеңесі өмірлік сабақ болды. Қазір қарап отырсаң, Әбдіғаппар аға отызында орда бұзған, қыркында қынсыз қылыш секілденген жалындаған жас жігіт екен ғой. Сол кездің өзінде-ақ білім-білігімен, алғыр-ширақ іскерлігімен көзге түсіп, бас маман, совхоз директорының орынбасары қызметтерін атқарса, 31 жасында «Қазақ ССР-не еңбегі сіңген агроном» атағын алған. Одан Жаңақорған ауданы Талап совхозының директоры қызметін мінсіз атқарды.

1960-жылдардың ортасында «Түгіскен» алқапін игеру жөнінде облыстық партия комитеті қаулы қабылдайды. Ғасырлар бойы құлазып жатқан маң дала маркайды, құлпырып шыға келді. Алқапқа ел қоныстанып, үлкен тірішіліктің тынысы ашылды. Жаңа шаруашылықтар құрылып, ауданда мал және егін шаруашылығы, оның ішінде күріш дақылдың көлемі ұлғайып, мол өнім алынды. Осы бағыттағы жұмыстарға білімі мен өмірден алған тәжірибесін, қажыр-қайратын жұмсап, қабілетімен, іскерлік қасиеттерімен көрінген мамандар тартылды. Олардың ішінде бұған дейін «Талап» кеңшарын басқарып келген Әбдіғаппар Нұртазаев ағамыз да бар еді. Ол жаңадан құрылған «Зақария» совхозының директорылығына тағайындалды. Құнарлы «Түгіскен» алқабының игерілуі ауданда астық молшылығын жасаудың көзін ашты. Сондай-ақ жұғымды мал азығын (жүгері, жоңышқа) дайындау молая түсті. Әбдіғаппар ағамыз шаруашылықты тез қолға алып, оның орталығын «Қырқенсе» бөлімшесінен ұйымдастырады. Совхозда жұмыс қолының жетіспеушілігін білген ол ауыл ақсақалдарымен ақылдаса отырып, баяғыдағы ашаршылық және қуанды-сүргін кезінде Өзбекстан мен Тәжікстан асып, үдере көшіп кеткен ағайындарды қайтанды елге шақырып, оларды көшіріп



әкелуді ойластырады. Сөйтіп, 500-дей отбасы өз Отанына оралды. Директордың ойы іске асып, нәтижесінде жұмысшылар саны артып, шаруашылықтың қолы ұзарды. Совхоз осы әдістерінің, игі жұмыстарының арқасында алғашқы жылдардың өзінде-ақ 1500 гектар күріш екті. Дикандар саны артып, «Зақария» совхозы ауданның іргелі шаруашылығына айналды. Әбдіғаппар Нұртазаевтың осындай жанқиярлық ерен еңбегі жоғары бағаланып, ол «Құрмет белгісі», «Октябрь революциясы» ордендерімен марапатталды.

Бүгінде «Қырқенсе» бөлімшесі Әбдіғаппар ағаның атында. Ол шаруашылықтар арасында алғашқы болып егін молденетіне көңіл бөлді. Сол кездің өзінде-ақ дикандар мен механизаторы егін науқанында дала қосында тұрақтап жатып, еңбек етуге үйретті. Дала қостары еңбекші-егіншілердің екінші үйіне айналды. Олардың өнімді еңбек етуіне барлық жағдай жасалды. Қысқасы, қарын тоқ, көйлегі көк, уайымы жоқ болды. Басшы ауыл шаруашылығының өсіп-өркендеуіне бар күш-жігерін өмірінің соңына дейін жұмсады, жұртшылықты соңына ертіп, адал еңбекке жұмылдыра біді.

Ол орта бойлы, мығым денелі, аққұба келген кісі болатын. Қызмет бабында, ат үстінде қатал, бірақ тұрарлық еді. Былайынша әкөңіл, жайдары мінезімен адамды өзіне баурап алатын, магниттей тартып тұратын. Әсіресе жастарға мейірімін төгіп, оларға қамқорлық жасауға, көмек беруге даяр еді. Абзал ағамыздың ғұмыры қысқа болды. Ол 59 жасында дүниемен қоштасы.

Мен ағаның айтқанын орындап, институтты жақсы оқып бітірдім. Қызметім ауысқан са-йын Әбдіғаппар ағаны есіме алып, шүкіршілік жасап отырдым. Сол кісіге ұқсағым келді. Жергілікті кадрларды оқуға жіберіп даярлау тәжірибесін совхозды он жыл басқарған уақытымадай пайдаландым. Біз Алматыда оқып жүргенде іссапармен Әбдіғаппар аға келіп қалса, студент-жастардың басын қосып, асханадан тамандандырып, ақыл-кеңесін айтатын. Сол адамгершілік қасиетін де менгеруге тырыстым. Неге екенін білмеймін, әйтеуір, ұқсағым келді де тұрды. «Еңбекші» совхозында абыройлы еңбек еттім деп ойлаймын. Ол жерде жауапкершілікті, адамдармен тіл табысуын, ұйымдастырушылық қабілетімді шыңдадым. Ауыл тұрғындарымен, шопандармен, олардың отбасыларымен барынша сыйластықта болдым.

«Өткен күнде белгі жоқ» деймін. Неге белгі болмаған?! Абзал ағаларымызды еске алып отырмын. Олай болса, еске алу да, естелік жазу да – сол кісілерге арналған белгі.

Мен Әбдіғаппар Нұртазаев жайлы естелік жазу арқылы өзімнің інілік ризашылығымды жеткізім келді. Балалық шақтан даналық жасқа жеттім. Соның бәрінде көз алдымнан Әбдіғаппар ағам кеткен емес. Себебі, ол – ұмытылмайтын, қайталанбайтын асыл тұлға еді.

Жамалхан БАЕТОВ,
еңбек ардагері,
Шиелі ауданының
«Құрметті азаматы»
Шиелі кенті

Археолог ғалымдар асуы

Тәуелсіздік жылдарынан бері Сыр өңіріндегі археологиялық ізденістерді жүргізу Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тұрақты бағыты ретінде қалыптасты. Биыл «Археология және этнология» мамандығының ашылғанына 25 жыл, орталықтың құрылғанына 10 жыл толды. Осы орайда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Қош келдің, археолог!» атты кездесуі кеші өтті.

– Археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының негізгі мақсаты – аймақтағы тарихи-мәдени мұраны зерттеу және қорғау, археология және этнография салалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу және тарихи құндылықтарды насихаттау. Сондай-ақ, университеттің тарихшы, археолог және этнограф ғалымдары тәжірибе алмасатын, археология ғылымдарының жетістіктері мен даму жолдарын айқындайтын орталығына айналды, – деді «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Айжан Оразбақов.

Бүгінге дейін ғылыми-зерттеу орталығы 3 халықаралық жоба, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 4 гранттық жобасын, 12 облыстық жобаны орындады. Атап айтсақ, «Wenot-Green» антропологиялық қорының гранты шеңберінде 2011 жылы Жанкент қаласында археологиялық қазба жұмыстары жасалды. 2018-2020 жыл-

дар аралығында Ұлы Жібек жолының солтүстік аймағындағы көшпенділер мемлекетінің қалыптасуы және урбанизациялануы, ерте орта ғасырдағы Жанкент қаласы туралы халықаралық жоба жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулерінің тарихы кітап-альбом түрінде жарыққа шықты.

Орталық облыс көлемінде орналасқан жүздеген ескерткіштің паспорттарын, тарихи-мәдени сараптамаларын жасау мен қорғау аймағын анықтау жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Қазіргі таңда 10-нан аса монография, 300-ге жуық ғылыми еңбек жарияланды.

Археологиялық заттарды сипаттап, өңдеп қалпына келтіретін зерханасы және жәдігерлерді қоятын көрме залы бар.

Орталықтың құрылған күнінен бастап ғылыми жетекшілік жасаған белгілі археологтар Ж.Құрманқұлов пен И.Аржаневаның еңбектері зор. Сонымен қатар, халықаралық жобаларды орындауда Тюбинген университетінің профессоры Г.Харкені оры ерекше.

Қазақ тарихының терендігі мен көп қырлылығының күзсі – археологиялық ескерткіштерге деген қамқорлық пен жауаптылық жобаны орындады. Атап айтсақ, «Wenot-Green» антропологиялық қорының гранты шеңберінде 2011 жылы Жанкент қаласында археологиялық қазба жұмыстары жасалды. 2018-2020 жыл-

«СБ» ақпарат

ҚАЗАНАМА

Сыр елінің білім саласы ауыр қазаға ұшырады.

Аса көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері, филология ғылымдары бойынша философия докторы (PhD), Ресей жаратылыстану Академиясының профессоры, Қызылорда «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Досманбетова Зейнегүл Рамазанқызы 74 жасында дүниеден озды.

Зейнегүл Рамазанқызы 1947 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1966 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1972 жылы тәмамдаған.

Еңбек жолын 1969 жылы Қармакшы ауданындағы №105 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған Зейнегүл Рамазанқызы директордың тәрбие, оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерінде болып, білім саласында жемісті еңбек атқарды.

2003 жылдан бүгінгі күнге дейін «Болашақ» университетінің Білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстары орталығының директоры қызметін абыроймен атқарып, облыстың білікті мамандарын даярлауға өлшеусіз үлес қосты.

Құжат жоғалды

Сармолда Көмекбай Ермеқұлына ҚР Қорғаныс министрлігі Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы РММ 04.02.2014 жылы берген Шақыру үшәскесіне тіркеу туралы куәлігі (удостоверение о приписке призывному участку) жоғалды. Тапқан адамға сүйіншісі бар. **Тел: 87762185582.**

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық және Ардагерлер кеңесі

Амангелді Әбзалұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Ұзақ жылдар бойы жауапты салада қызмет ете жүріп, Сыр бойының құрметті азаматы, профессор Бақберген Сәрсенұлымен 4 ұл өсірді. Еңбегімен елге сыйлы, қатар азаматтарға құрметті болды.

Жайдары мінезді, дархан пейілді Зейнегүл Рамазанқызының бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Зейнегүл Рамазанқызының жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат,
«Nur Otan» партиясының облыстық филиалы,
облыстық Қоғамдық және Ардагерлер кеңесі

● АУЫЛ ҚҰШАҒЫ

Ұлытаулық ағайындар

Сонау соғыс басталған жыл. Ол кезде біздің ауыл – қазіргі «Қоғалық» екі колхоздан тұратын. Бірі – Сталин атындағы, екіншісі – «Ортақшылда». Ұлы көсем атындағы колхозда Әкімал мақсұмның, ал «Ортақшылда» Сражаддин, Жөркен аталардың алдынан ешкім кесе өтпейді. Екі колхоздың кәсібі – мал мен егін. Егін болғанда ауылдан қашықтағы «Қырықжігітке» бидай, тары егеді. Ол кезде күріш егу қолға алынбаған. Орталықтағылар қауым егіп, қас тіліп, қыстық азығын жинайды. Еңбекке ерекше көзқарас бар.

Еңбек етпегендерді ауылдан көшіретін, қысқаша айтқанда, жер аударатын заң бар. Заң болғанда елдегі ақсақалдар үкімімен жүзеге асады. Ел тізгіні ақсақалдар қолында. Жұмыстың көбісін жесір келіншектер атқарады. Ал, біз мектептен шыққан бойда масақ теріп, күнкөріс жасаймыз. Кейде белсенді ағаларымыз масағымызды қолымыздан жұлып алып, қырманға төгеді. Жылдамсырап үйге қайтатын сол бір кез естен кетпейді. Дегенмен, ауыл балалары ерте есейді. Әке-шешелерінің арқа сүйері болды. Күннің жаманы лезде кетеді екен ғой...

Сол бір кезеңнің оқиғасынан

әңгіме қозғау көптен ойымда жүрген. Соның тиегін қаз қалпында ағытулы сәті түсті. Қырық бірінші жылдың көктемі еді. Мәскеуден Левитанның дауысын естиміз. Үрейіміз ұшады. Левитанның дауысы немістердің еңсесін басқандай әсер берерін байқаймыз.

Танертен еді. Ауыл шетіндегі «Аманжол» деп аталатын ескі қыстаулар жиегіндегі жайлауға үлкен көш келіп қоныстанып жатқан хабар келді. Иә, үлкен көш, бейтаныс ауыл. Бала біткен көшіп келген бейтаныс ауылға барып, таныса бастадық. Ойыңа шықты. Ойын болғанда жаппай ләңгі. Бізден Зұлқарнай, Ізбасар, Сәрсенбай, Ал-

тынбектер ләңгі тебуден алдына жан салмады. Олардан ағайынды Көкімжан, Әкімжан, оқта-текте Жылыкелді қосылды. Сонан аралас-құралас басталып кетті. Сонымен, көш қайдан келді? Біздің ауылдағы Алуалдин, Шамшат, Мырзеке бастаған үлкендер сөлем беруге барды. Бір-бірін қоннақша шақыру басталды. Сөзді жаңа көшігін басыпсы Темірбай ата алды:

– Иә, ағайындар біз – ұлытаулықтармыз. Жезқазған жағында қуаныштылық орын алып, қоныс аударуды ұйғардық. Сырдарияның суы мол көрінеді. Егін егіп, отбасын қиындықтан шығарсақ деген ниет бар. Әзірше 23 үй келіп қоныстандық. Кейін бізге қосылып жатқан көш болса, қарсы болмас-сындар. Ел, жер – бәрімізге ортақ қой. Бұл сөзді іле Тұңғышбай, Рақымбек, Қошқебай, Хамитбек, Молдабек, Мықан қостай жөнелді.

– Жер кен. Құшақ ашық, кең сіздерге, тары бізге, – деді мақсұм Әкімал. – Қай руландыңдар?

– Көбіміз Тіней. Шоштан, Жырық, Жәлмендер, Ахмет, Оразай ишандар – біздің бабаларымыз.

– Өзіміз екен. Түбіміз бір туыс елміз, – деді Беген ақсақал. Жаңа қоныстануға келгендер ескі қыстауларды жөндеп, баспана сала бастады. Жаз шыға жағалай егін егуге бетбұрыс жасалды. Шағын ауылдың бір бөлшегіндегі серіктестікте Қайыпназар Темірбаев, Мырзабек Мықанов билік жүргізетін болды. Хамитбек аға есепшілік тізгінін ұстады. Жыл-келді бір шағын дүкенде сауда жүргізді.

Ауылға келген 23 үй түгелдей түіе өсіретін шаруа болып шықты. Беген ата бастаған түйекештер бригадасы құрылды. Қызылорданың «Заготзерносына» астық тасу басталды. Ауылдың арқа-басы кеңіп қалды. Алғы шепте бұрын егін-шілікпен айналыспаған ағайындар көп қиындық көрді. Жергілікті тұрғындар оларды қауым, қарбыз, асқабақ, жүгері, тары өсіруге баулыды.

Алғашқы егін-терім басталды. Сталин атындағы колхоз астық тапсырудың көш басына шықты.

Бұл орайда, қоныстанушылардың күш көлігінің көп шапағаты тиді. Байырғы тұрғындардың ол кезде өздері өсірген алғашқы қауым, қарбыздан бір-біріне дәм татқызу үрдісі болатын. Білікті дикан ауыл ақсақалы Жұмабай көш бастаушысы еді. Өзі бас болып күзгі егін-терім кезінде көшіп келген ағайындардың басын қосып, шай берді. Бұрын қауым-қарбыз егіп көр

